

жететін 700 жастағы ерекше ағаш Жаркент қаласынан 30 шақырымдағы Әулие-ағаш ауылымаңында өседі. Бұл – кәдімгі қарағаш тұқымы. Мұндай алып ағаштар әлемнің үш елінде ғана бар. Олардың бірі – Қытайда, бірі – Меккеде болса, үшіншісі – біздің жерге тамыр жайған екен.

Тағы бір ерекшелігі осы ағаштан жеті ағаш тарап тұр, ерекшелігі сол бір түптен жеті ағаш өсіп тұр, бұл басында айтып кеткен жеті әулиені меңзеп тұр, осы ағаштың суы түрлі ауруларға ем болып саналады, әсіресе тері ауруларына таптырмас шипа. Аңыз бойынша Жеті әулие баба осы жерге түнеген, соның ішінде Шамшырақ деген әулиенің асатаяғы болған. Бұл ағаштың қасиеттілігі сол жеті ғасырдан бері солмай өсіп келеді және жан – жағына бір бағыт бойынша тарап өсуде [5, 35-36 бб.].

«Әбілхан Қастеевтің көркемсурет галереясы»

Галерея 2004 жылғы 31 шілдеде ашылған. Бұл өнер ордасы қоныс тепкен ғимарат 1880 жылғы салынған екен. Облыс әкімінің шешімімен аталмыш тарихи мекенжай күрделі жөндеуден өткізіліп, жазиралы Жаркент жерінің тұрғындары мен қонақтары үшін тамашалауға арналған көркемсурет галереясына айналды.

Ең алғашқы көрмеге Қазақстан Республикасының тұңғыш кәсіби халық суретшісі, мемлекеттік сыйлықтың иегері Ә.Қастеевтің төл туындылары қойылды [1, 263 б.; 6, 35-41 бб.].

Галереяның негізгі мақсаты – заманымыздың көркемсурет мәдениетіндегі өзгерістерді талдау және зерттеу, рухани мәдениетін көтеру. Бүгінгі күнге дейін галерея залдарында 140 көрме өткізілді.

Тақырыпты қорытындылай келсек, "Жер жәннәті – Жетісу", "Жазиралы Жаркент" сынды теңеулер текке айтылмаған. Әсем дауысты Дәнеш Рақышев, көркемсуретші Әбілхан Қастеев, қылқалам иесі Бексұлтан Нұржекевті дүниеге әкеліп, табиғатымен нұрландырған өлке. Ауруына ем іздеп келер Найзатапқан ("Кіре берісте жылан турады, арам ойлы, пиғылы бұрыс, болмаса ақ суға тойып келгендердің кіргізбейді" деген халық арасында әңгіме бар), Алмалы ауылында орналасқан Бастау (Хорғас өзенінің ұзатылып шыққан қызы деген де аңыз әңгіме бар), Көктал – Арасан, Жаркент – Арасан әрқайсысының суы емдік шипалы су, 30-ға жуық Үйсін обалары – бұның барлығы менің өлкемде, біздің Панфилов ауданымызда орналасқан. Осы өлкеде туып өсу біз үшін үлкен мақтаныш.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Бегімбет Н. Жазиралы Жаркент. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013.
2. Жаркент // «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1999.
3. Байтанаев Б.А. Жаркент, мечеть // Сакральная география Казахстана. – Алматы, 2017.
4. Абсеметов М. Жаркентская мечеть. – Алматы: Этносфера, 2008.
5. Дастанов О. Әулиелі жерлер туралы шындық. – Алматы: Қазақстан, 1967.
6. Әбілхан Қастеев. – Алматы: «Өнер» баспасы, 1986.

Меркі – жердің көркі

Бадамбай Ж. Ж.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Қалыш А.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

«Туған жер – тұғырың» дейді халқымыз. Саналы адам үшін кіндік қаны тамған өзі туып-өскен жері ыстық та қымбат. Өйткені оның саф ауасы мен демалып, тал бесігінде тербеліп, білім алып азамат болып қалыптастық.

Жамбыл облысының Меркі ауданы Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында, Алатаудың бөктерінде орналасқан. Шығысында ол Қырғыз Республикасымен, солтүстік-шығысында облысымыздың Шу, солтүстігінде Мойынқұм, оңтүстік батысында Т. Рысқұлов аудандарымен шектесіп жатыр.

Мерейлі Меркі ауданы қазіргі таңда танымастай өзгеріп, заман ағымына қарай өсіп-жетілген, көркіне көрік қосып, сәулеті сәндене түсті.

Қасиетті Меркі жерінің тарихи құндылықтары оның биік тау шатқалдарынан бой тепкен орта ғасыр түркілерінің мәдени-ғұрыптық ғибадатханасындағы тас мүсіндер өткен күннің айшықты белгісі болды. Бүгінде елімізге белгілі археолог ғалым Айман Досымбаева бастаған отандық ғалымдардың қызығушылығын туғызып отырған Сандық, Аралтөбе, Қасқасу, Ұлысай, Шайсандық ескерткіштері, өте құнды мүсіндер мен балбал тастар Меркі өңірінің бай тарихи ескерткіш мұрасын құрады.

Халқымыз «Өткен күнде белгі бар» - деп бекер айтпаған. Сол өткеннің бедерлі бір белгісі біздің жерде жатқаны ақиқат. Аудан 1928 жылы 26 қазанда құрылды. Тұрғындар саны 84760 адамды құрап тұр. Аудан 45 елді мекен мен он төрт ауылды округке біріккен [1]. Жамбыл облысының Статистика департаменті. 01.07.2019./2009 жылғы санақ бойынша Қазақстан тұрғындарының ұлттық құрамы.

Мәдениетіміздің үлкен жетістіктері, әр түрлі халықтардың даму үдерісі олардың белгісі ретінде зерттелген ескерткіштер біздің әлемдік деңгейге жеткен жетістігіміз. Солардың бірі Жетісу түркілерінің киелі жері Меркі өңірі. Бірнеше көне түркі қоршаулары Мерке өзенінің оң жағалауында кездестіріліп зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мерке өңірінде әйел мүсіндері басымырақ болды. Олардың негізгі ерекшеліктері – қолында ыдыс болуы. Ыдыс формасына қарамастан бәрі қарын тұсына ұсталып, екі қолмен ұсталады. Бұл этнографиялық сипаты бар белгі кейін половец-қыпшақ мүсіндері өлшеміне айналады, иконографиядағы өзге де аксессуарлармен қатар бейнеленеді, ал ыдыс әрқашан екі қолмен, бел тұсында ұсталады. Әйелдердің портреттік сипаты әрбір жағдайда индивидуалды. Ортағасырлық тас өңдеу өнеріне басты назар торт, басқа аударылып, мойыннан терең ойық арқылы бөліне көрсетіледі. Қас созыңқы тіке сызықпен берілсе, көз бен ерін сопақша етіп беріледі.

Барлық мүсіндегі бас киім әйелдің жасын және әлеуметтік статусын көрсетеді, түркі әйелдері гардеробындағы дәстүрлі аксессуарлар: сәукелеге ұқсас шошақ бөрікті бас киім, кимешек, тақия және чалма типтес бас киімдер кездеседі.

Жалпы Меркі жеріндегі әйел мүсіндеріне талдау жасағанда, ортағасырлық түркілердің көшпелі қоғамында әйелдер маңызды рөл атқарды деуге болады. Сонымен бірге сипатталып отырған ескерткіштер типі діни-наным объектісі ретінде пайдаланылды. Меркі қалашығының материалдары ерлермен қатар әйелдер мүсіндері ортағасырлық көшпелілердің идеологиялық танымын түсінуге жәрдемдесті.

Мүсіндердің түстік символикасы да ерекше. Әйел мүсіні қара граниттен, ал ер адам мүсіні болса қызыл түсті тастан қашалынған.

Мерке өңіріндегі әйел бейнесіндегі тас мүсіндер көне түркілердің өздеріне дейінгі мәдениеттер мен халықтардың рухани тәжірибесін игере отырып өздерінің киелі территориясын қалыптастыруға деген ұмтылысы болғанын аңғартады [2, 7-8 бб.].

2001 жылы Меркі жерінде 8 жаңа діни-нанымдық кешен ашылды. Мерке өзенінің жоғарғы ағысында тас мүсіндері бар түркі ғибадатханасы территориясында және Ойтал өзенінің сол жағалауында, сондай ақ Мерке ауылының шет жағындағы бөктерден петроглифтер, таңбалар және руникалық жазулар табылды. Бірнеше таңбалардан тұратын көне түркі руникалық жазуын профессор А.С. Аманжолов оқып, онда «Менің өлімім – қайғы» - деп жазылған деді.

Меркі қаласының тағы бір бағалы ескерткіштері жайлы айтып кетсем. «Ұлы жібек жолының бойында үлкен қалалар дамып отырды олар Каялық, Тараз, Отырар, Түркістан, Сауран, Жанкент, Сарайшық. Сол қатарда Меркі қаласыда тұрды. Бұл қала VI-VII ғасырлардан бері танымал болды. 100 жылдың ішінде қаланың аты ешбір өзгеріссіз дамып отырған. Ескі қаланың қалдықтары қазіргі таңдағы қаланың орталық бөлігінде орналасқан. Орталықта сарай қалдықтары, жер иеленушілердің орындары бар. Жүргізілген зерттеулер Меркі қаласының қызықты материалдарын беріп қалашықтың өмірін, сауда саттығын, шаруашылығын сондай ақ жібек жолындағы алатын орнын көрсетті» [3, с. 128-131].

Меркі қалашығындағы археологиялық жұмыстар барысында табылған VII-VIII ғасырларға жататын заттардың көпшілігі қыш сынықтары. Олар негізінен қолдан жасалған ыдыстардың сынықтары: қазан, құмыра, таба, құм, қақпақ тұғырлары [4, 32 б.].

Дәл осы кезеңдегі қыш ыдыстарының дамуы Меркі өңірінің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды орталықтардың бірі саналатын Меркі қаласын зерттеу мен қазудың өзі оның өмірі мен орналасқан жері, тарихи даму кезеңдері туралы қызықты мәліметтер берді. Қыш қолөнерінің жоғары деңгейде дамығанын, оның көркемдік бағыттарын, Оңтүстік Қазақстан, Шаш, Соғды, Хорезммен мәдени, экономикалық, саудалық қарым-қатынастары болғандығын көрсетеді [5, 27 б.].

Түркілердің мәдениетінен бізге сыр шертетін ерте заманнан бері осы өңірді мекендеген түркі тілдес тайпалар, Меркі тауларының Аралтөбе, Қарақыстық, Қасқа су, Сандық, Шайсандық т.б. алқаптарына қазақ даласында жоғарыда айтып өткендей қайтыс болған күнбилерін, хандарын, батырларын, ардақты аналарын әкеп жерлеп отырды. Бастарына тастан қорған тұрғызып, балбал тастар орнатты [6, 16 б.].

Ескерткіштердің көп бөлігі негізінде Сандық тау бөктерінде шоғырланды. Бұл жердегі тас мүсіндердің көп шоғырланғаны XIX ғасырдың соңында белгілі болғанымен, ғылыми айналымға 1985 жылы Э.А. Новгородова мен өлкетанушы А.Н. Печерский енгізді. Ал, 1987 жылы бұл ескерткіштер толы мекенді Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археологиялық экспедициясы А.М. Досымбаева мен Ю.А. Мотовтың жетекшілігімен зерттеді. 1991 жылдан бастап Ә.Х. Марғұлан атындағы Меркі археологиялық экспедициясы А.М. Досымбаеваның жетекшілігімен зерттеуге кіріскен еді [7, 350 с].

Тарихы терең, Сандықтау мен Шайсандықтың мың бұлағының лебін ала келген салқын самалы, жер жаһанның бар өсімдігінің, сан түрлі гүлінің жұпарын, тал-дарағының сыңғырын ала келген табиғаты, таза ауасы маған жауһардай қымбат. Өлкемнің тарихын толғап абыройын асқақтату менің міндетім. Қара көздің жауын алатындай, алыс сапарға шықсан сағынатындай Меркі жерін жер жанатына айналдыру осы мекеннің азаматтарының парызы. Қыраны қалықтап ұшқан құт мекенімді бабаларымыз сеніммен қалдырған. Сенімнің жүгі ауыр, салмағы мың батпан деп бекер айтылмаған екен. Түркілердің қайнар көзі болған Меркі қаласының мәдениеті болашақта көшпелілер дүниетанымын тереңдете зерттей түсу қажет деген пікірге жетелей түсті. Өйткені, өткен дәуір дүниетанымы рухани ескерткіштерде нақтылы көрініс тапқан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жамбыл облысының Статистика департаменті. 01.07.2019. /2009 жылғы санақ бойынша Қазақстан тұрғындарының ұлттық құрамы.
2. Досымбаева А. Мерке – Жетісу түркілерінің киелі жері. – Тараз: Сенім, 2002. – 108 б.
3. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216 с.
4. Кузнецова О.В., Нұржанов А.А. Ортағасырлық Меркі (Мирки) қаласы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 128 б.
5. Кузнецова О.В., Нұржанов А.А. Меркі қала жұрты. Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Меркі ауданы. – Алматы, 2011. – 66-78 бб.
6. Жамбабаев Б. Меркі – тарих төрінде. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2013. – 352 б.
7. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Жамбылская область. – Алматы, 2002. – 350 с.